

№4 әдістемелік кеңес хаттамасы

Күні: Желтоқсан айы 2025 ж.

Қатысқандар: Тәрбиешілер, әдіскер, дефектолог, музыка жетекшісі, дене тәрбиесі нұсқаушысы, қазақ тілі маманы, педагог-психолог.

Күн тәртібінде:

1. Ойын арқылы баланың шығармашылық қабілетін дамыту жолдары
2. Танымдық, қимылды, сюжеттік ойындарды ұйымдастыру және талдау
3. Ойын ортасын құрудың тиімді тәсілдері

Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша балабақша әдіскері Г.К. Бердаулетова сөз алып, балабақшадағы ойынның бала дамуына әсері туралы баяндама жасады. Ойын – баланың негізгі әрекеті екендігін, оның арқылы шығармашылық, қиял, ойлау қабілеттері дамитынын атап өтті.

Екінші мәселе бойынша дене тәрбиесі нұсқаушысы З.Н. Мусина танымдық және қимылды ойындардың ерекшеліктеріне тоқталды. Мектепке дейінгі ұйымдарда балаларды жан-жақты дамытуда ойын ерекше орын алады. Әсіресе танымдық және қимылды ойындар баланың ой-өрісін кеңейтіп қана қоймай, денсаулығын нығайтып, дене тәрбиесінің негізгі құралы ретінде қолданылады. Танымдық ойындар – балалардың ақыл-ойын, логикалық ойлауын, есте сақтау қабілетін дамытуға бағытталған ойын түрі. Қимылды ойындар – балалардың дене дамуына бағытталған, қозғалыс белсенділігін арттыратын ойындар.

Баланың денсаулығын нығайтады

Қозғалыс дағдыларын дамытады (жүгіру, секіру, лақтыру)

Шапшаңдық, ептілік, төзімділік қалыптастырады

Ұжыммен ойнауға үйретеді

Көңіл-күйін көтереді

Қимылды ойындар – дене тәрбиесінің негізгі құралы. Олар арқылы: бұлшық еттері дамиды, жүрек-қан тамыр жүйесі нығаяды,

тыныс алу жүйесі жақсарады, дұрыс дене бітімі қалыптасады. Сонымен қатар, балалар қозғалыс арқылы қоршаған ортаны жақсы таниды.

Танымдық және қимылды ойындарды біріктіру. Қазіргі педагогикада бұл екі ойын түрін біріктіре қолдану тиімді деп саналады.

Танымдық және қимылды ойындар – баланың жан-жақты дамуының негізгі құралы. Олар бір-бірімен тығыз байланысты және бірге қолданылғанда ғана жоғары нәтиже береді. Әсіресе дене тәрбиесінде бұл ойындардың рөлі ерекше, себебі олар баланың денсаулығын нығайтып қана қоймай, ойлау қабілетін де дамытады.

Үшінші мәселе бойынша тәрбиеші А.А. Ерменова ойын ортасын құрудың тиімді жолдарын таныстырды. Мектепке дейінгі ұйымдарда ойын ортасын дұрыс ұйымдастыру – баланың жан-жақты дамуының негізгі шарттарының бірі. Дамытушы ойын ортасы арқылы бала өзін еркін сезінеді, қызығушылығы артады және шығармашылық қабілеті қалыптасады. Сондықтан тәрбиеші үшін ойын кеңістігін тиімді ұйымдастыру маңызды міндет болып табылады. Ойын ортасы – бұл баланың дамуына бағытталған арнайы ұйымдастырылған кеңістік. Дұрыс ұйымдастырылған ортада бала өзін қауіпсіз және жайлы сезінеді. Ойын ортасын құрудың негізгі талаптары қауіпсіздік, қолжетімділік, жас ерекшелігіне сәйкестік, эстетикалық безендірілген. Ойын ортасын тиімді ұйымдастыру – баланың дамуына тікелей әсер ететін маңызды фактор. Дұрыс құрылған ойын кеңістігі баланың қызығушылығын арттырып, оның шығармашылық, танымдық және әлеуметтік қабілеттерін дамытады. Сондықтан әрбір тәрбиеші ойын ортасын ұйымдастыруда жаңашылдық пен шығармашылық танытуы қажет.

Шешім:

1. Ойын арқылы баланың шығармашылық қабілетін дамыту мақсатында әр топта жүйелі түрде сюжеттік-рөлдік, танымдық және шығармашылық ойындар ұйымдастырылсын.
 2. Танымдық, қимылды, сюжеттік ойындарды оқу қызметінде және күн тәртібінде тиімді қолдану қамтамасыз етілсін.
- Қимылды ойындар арқылы балалардың дене тәрбиесін нығайту, қозғалыс белсенділігін арттыру жұмыстары күшейтілсін.
3. Әр педагог ойындарды ұйымдастыру барысында заманауи әдіс-тәсілдерді қолдансын және тәжірибе алмасу жүргізілсін.

4. Топтарда дамытушы ойын ортасын талапқа сай ұйымдастыру, ойын бұрыштарын толықтыру және жаңарту жұмыстары жүргізілсін.

Балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес қауіпсіз, қолжетімді ойын ортасын қалыптастыру қамтамасыз етілсін.

Жүргізілген жұмыстарға жүйелі түрде талдау жасалып, нәтижелері келесі әдістемелік кеңесте қаралсын.

5. Әдіскер тарапынан педагогтарға әдістемелік көмек көрсету және бақылау жұмыстары ұйымдастырылсын.

Әдіскер: *Бердаулетова*

Хатшы: *Диев*